

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ТҮБЕГЕЙЛІ РЕФОРМАЛАР ЖАҒДАЙЫНДА ЗАҢ КАДРЛАРЫН ДАЯРЛАУДЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аубакирова Н.А.– заң ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының **аға** оқытушысы, Қостанай қаласы.

Қазақстан Республикасы жуырда ғана еліміздің басты заңы - Конституциямыздың 20-жылдығын атап өтті. Әрине тарих үшін азғана уақыт болып есептелгенмен Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін үлкен тарихи маңызы бар оқиға екені сөзсіз. Және де бұл мерзімді тарих үшін жай ғана статистикалық маңызы бар кезең ретінде емес, көптеген мемлекеттер ондаған жылдар бойына жүріп өткен сындарлы жылдарды бір мүшел жасқа жетер-жетпес уақытта басынан кешіріп үлгерген, әлем картасында жуырда ғана пайда болған жас мемлекеттің бір сәт сырттан айтылар сын-пікірлерге құлақ түріп, халық алдында есеп беруі деп қабылдаған жөн сияқты.

Қазақстанның жаңа конституциялық дамуы және білім беру саласындағы түбегейлі реформалар жағдайында заң кадрларын даярлаудың кейбір өзекті мәселелері әлі де болса жеткілікті деп айтуға болады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру саласында түбегейлі реформалар жүзеге асырылып баршаға мәлім. Осы орайда өткір тұрған мәселелердің бірі – құқықтық білім беруді жетілдіру мәселесі. Жалпы жастарға құқықтық білім беру орта мектептен басталса да, мәселенің өзектілігі әсіресе, жоғары мектепте, яғни заң оқу орындары мен факультеттерінде айрықша сезілуде. Бұл ретте проблеманың шешімі жекелеген іс-шараларды емес, кешенді түрдегі шараларды қажет етеді. Мақала заңгерлік білім беру саласындағы, білім алушыларды сапалы оқу материалдарымен қамтамасыз ету, мемлекеттік тілде білім берудегі проблемалық мәселерді қамтуға бағытталған.

Негізгі сөздер: Конституция, конституциялық даму, мемлекеттік тілдегі терминология, заңшығармашылық техника, құқықтық нигилизм.

## НЕКОТОРЫЕ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПОДГОТОВКИ ЮРИДИЧЕСКИХ КАДРОВ В УСЛОВИЯХ НОВОГО КОНСТИТУЦИОННОГО РАЗВИТИЯ И КОРЕННЫХ РЕФОРМ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аубакирова Н.А.– магистр юридических наук, **старший** преподаватель кафедры государственно-правовых дисциплин Костанайского государственного университета имени А.Байтұрсынова, г.Костанай.

Совсем немного времени прошло как Республика Казахстан отметила 20-летний юбилей главного закона страны-Конституции. Хотя для истории срок совсем невелик, но с уверенностью можно сказать, что для молодого независимого государства как Казахстан, событие огромной исторической важности. Поэтому данный период конституционного развития страны, безусловно, необходимо рассматривать не как статистический показатель для истории, а как период который положил основу для совершенно нового политического, юридического и экономического развития нового суверенного государства, государства, которое в своем государственно-правовом развитии достиг успехов во всех сферах общественной и политической жизни. Как мы знаем из истории, многим государствам понадобились многие столетия для коренных преобразований, будь то в сфере политики, будь то в сфере экономики и конечно же, в сфере образования, которые осуществила наша страна.

Но в то же время нельзя сказать что за столь короткий срок нам удалось решить все вопросы государственно-правового развития нашего общества. Проблемных вопросов требующих своего дальнейшего разрешения все еще предостаточно.

*И на наш взгляд, одним из таких проблемных вопросов на сегодняшний день является - подготовка юридических кадров в условиях нового конституционного развития и коренных содержательных реформ в сфере образования Республики Казахстан.*

*Данная статья посвящена вопросам совершенствования правового образования. В этой связи необходимо отметить что указанные проблемы особенно актуальны для вузов и факультетов осуществляющих подготовку юридических кадров. Актуальными остаются вопросы обеспечения обучающихся качественными учебно-методическими материалами, острыми стоят вопросы преподавания юридических дисциплин на государственном языке.*

*Решение данных проблем требует ряд комплексных мер.*

*Ключевые слова: Конституция, конституционное развитие, терминология на государственном языке, законодательная техника, правовой нигилизм.*

## **SOME CURRENT ISSUES JUDICIAL TRAINING IN THE NEW CONSTITUTIONAL DEVELOPMENT AND THE INDIGENOUS EDUCATION REFORM OF KAZAKHSTAN**

*Aubakirova N.A.- Master of Laws, Senior Lecturer, Department of State and legal disciplines of Kostanai State University A.Baitursynov, Kostanay.*

*Very little time has passed as the Republic of Kazakhstan celebrated the 20th anniversary of the main laws of the Constitution. Although the history of the term is quite small, but it is safe to say that for a young independent state as Kazakhstan, an event of great historical importance. Therefore, the period of the constitutional development of the country, of course, should be considered not as a statistical measure of history, but as a period which laid the foundation for an entirely new political, legal and economic development of a new sovereign state, the state, which in its state-legal development has achieved success in all spheres of public and political life. As we know from history that many States needed for many centuries to a radical transformation, whether in politics, whether in the sphere of economy and of course in education, which has carried out in our country.*

*But at the same time, we can say that in such a short time we managed to resolve all issues gosudartsvvennoy legal development of our society. Problematic issues require further authorization still abound.*

*And in our opinion, one of these problematic issues is today-judicial training in the new constitutional development of indigenous content and educational reforms of Kazakhstan.*

*This article is dedicated to the improvement of legal education. In this regard, it should be noted that these problems are particularly relevant for schools and faculties providing training legal personnel. Relevant questions remain to ensure students with quality teaching materials, is faced with problems of teaching of legal disciplines in a state language.*

*Solving these problems requires a comprehensive series of measures.*

*Key words: constitution, constitutional development, the terminology in the state language, legislative machinery, legal nihilism.*

Адамзат қоғамы «өркениет» деген ұғыммен таныс болғалы белгілі бір ережелер негізінде өмір сүруге тырысып келеді. Уақыт өте келе жетіле, дами түсіп, заң мәртебесіне ие болған мұндай ереже-нормалар қазіргі таңда көптеген мемлекеттердің даму деңгейінің өлшеміне айналып отыр. Яғни мемлекет өзінің қоғамдық өмірінде неғұрлым осындай ереже-нормаларды ұстанып, үлгі бола білсе, мемлекет соғұрлым өркениетті, демократиялық, құқықтық болып есептеледі.

Осы тәріздес мемлекеттер қатарында өмір сүруге ұмтылған Қазақстан да өзінің ең жаңа тарихындағы қатардағы еңбек адамы мен ел басқарған Президентіне дейін басшылыққа алуға міндетті Негізгі заңы – Конституциясының қабылданғанына 20 жыл толуын атап өтті. Және де бұл мерзімді тарих үшін жай ғана статистикалық маңызы бар кезең ретінде емес, көптеген мемлекеттер ондаған жылдар бойына жүріп өткен сындарлы жылдарды бір мүшел жасқа жетер-жетпес уақытта басынан кешіріп үлгірген, әлем картасында жуырда ғана пайда болған жас мемлекеттің бір сәт сырттан айтылар сын-пікірлерге құлақ түріп, халық алдында есеп беруі деп қабылдаған жөн сияқты. Бұл ретте, мәселеге Ата заңға қатысты баға беру – оны әлемде теңдесі жоқ құжат ретінде жер-көкке тигізбей мадақтау, яғни шектен тыс идеалдандыру немесе түкке алғысыз ету, сөйтіп Конституцияның позитивті рөлін төмендету, тіпті жоққа шығару сипатында емес, объективті тұрғыда бағалау, яғни Конституция қандай жағдайда, қандай мақсатта қабылданды, осы күнге дейін өзінің қоғам мен мемлекет алдындағы миссиясын қалай орындап келеді, жетілдіруді қажет ететін қандай тұстары бар деген тұрғыда болғаны абзал. Және де бұл мәселелер төңірегінде тек заңгерлер қауымы ғана емес, қарапайым еңбек адамы, осы заңды қабылдауды жақтап дауыс берген азаматтар өз ой-пікірлерін білдіргенде ғана Конституцияның бағасын шынайы деп қабылдауға болады. Өкінішке орай, елімізде заңгер-мамандардың санының жыл сайын артып келе жатқанына қарамастан, халықтың басым көпшілігінің құқықтық сауаттылық деңгейі әлі де болса төмен. Өз басым конституциялық баптардың мазмұнын терең ұғына отырып, ол туралы салмақты пікір айтпақ түгілі, Конституцияны өмірінде бір

рет те оқып көрмегендердің қоғамымызда аз емес екеніне еш күмәнім жоқ. Ал бұл дегеніміз өз кезегінде құқықтық мемлекет, демократиялық қоғам идеяларының басты жауларының бірі, бірақ өтпелі кезеңде болмай қоймайтын құбылыс - құқықтық нигилизмнің туындауына әсер етеді. Сондықтан да бүгінгі шағын мақаламыз конституциялық құқық маманы ретінде бір жағынан оқырмандарға Қазақстанның конституциялық даму тарихынан қысқаша болса да мағлұмат беру болса, екінші жағынан, осынау маңызды құжатқа қатысты өз пікірімізді білдіре кету ниетінен туындап отыр.

Бірден айта кету керек, әңгіме ең жаңа тарихымыздағы ең жаңа Конституциямыз туралы болғалы отыр. Өйткені қазіргі Конституция - Қазақстанның бір ғасырға жетер-жетпес тарихында қабылданған, Негізгі заң деген атрибуты, яғни анықтаушы бар жалғыз заң емес. Жалпы қазіргі қолданыстағы Конституция Қазақстанның бесінші Конституциясы деп есептеледі. Олардың алғашқы үшеуі кеңес дәуірінде қабылданған, декларациялық сипаттағы заңдар болды. Бұл құжаттар формальды түрде небір «демократиялық» нормаларға толы болса да, шын мәнінде олардың басым көпшілігі шынайы түрде жүзеге асырылған жоқ. Бір ғана ресми идеологияны дәріптеуге құрылған конституциялардың нарықтық экономикаға негізделген құқықтық, демократиялық мемлекет құруға іргетас бола алмайтыны түсінікті де. Әлемдік конституциялық құқық ғылымында мұндай конституцияларды «жалған» конституциялар деп атайды [1, с.57].

Қазақстан алғашқыда 1990 жылы 25 қазанда «Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация», одан кейін 1991 жылы 16 желтоқсанда «Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылдағаннан соң, яғни еліміз конституциялық дамудың жаңа кезеңіне аяқ басқаннан кейін, өтпелі кезеңнің қажеттіліктерін қанағаттандыратын жаңа негізгі заң қабылдау мәселесі күн тәртібіне қойылды. Бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы осы уақытқа дейін қолданылып келген Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясы қоғам мен мемлекет өмірінде болып жатқан шынайы процестермен мүлдем үйлеспеді. Жас мемлекеттің алдында тұрған басты міндеттер – бір жағынан, қоғамдық қатынастардың шиеленісіп кетуіне, саяси қақтығыстарға жол бермеу болса, екінші жағынан күн сайын өзгеріп жатқан қоғамдық өмірдің заңнамалық негізін қалыптастыру болды. Сөйтіп экономикалық хаосқа, саяси анархияға жол бермеу. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай қауіптер шын мәнінде болды. Қоғамның бір бөлігі қол жеткізген саяси тәуелсіздікті ұзақ жылдарғы арманның орындалуы деп қабылдап, эйфорияға салынып жатса, екінші бір бөлігі ұзақ жылдар үстемдік жүргізіп келген өздерінің тарихи отандарынан қол үзіп қалудан қауіптенді. Бұған әлемнің түрлі бөліктерінде орналасқан «ұлы державалардың» өз мүдделерінің болғанын қосыңыз. Бұл факторлардың барлығы да қоғамда саяси конфронтацияның туындауына, мемлекет аумағы тұтастығының бұзылуына әкеліп соқтыруы әбден мүмкін еді. Тез арада осындай оқиғалардың алдын алу қажет болды. Нәтижесінде 1993 жылғы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы дүниеге келді.

Көптеген қарама-қайшылықтарға толы болғанына қарамастан 1993 жылғы Конституция үлкен тарихи миссия атқарған, саяси маңызы зор құжат болды. Бұл заң Қазақстанның егемен мемлекет және әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретіндегі мәртебесін конституциялық тұрғыдан бекітті. Сондай-ақ тәуелсіз мемлекет құрылысының бастапқы кезеңінде саяси, әлеуметтік-экономикалық салаларда жаңа қоғамдық қатынастардың қалыптасуы үшін негіз қалауға, қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақсыздануына жол бермеуге мүмкіндік жасады. Сондықтан да Қазақстанның конституциялық дамуы туралы айтқанда осы тарихи құжатқа, оның маңызына тоқталмай кету үлкен тарихи әділетсіздік болар еді.

Жоғарыда айтып өткендей, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы шын мәнінде «ымыраға құрылған» саяси құжат болды да, көп ұзамай оның қоғамда болып жатқан шынайы әлеуметтік-экономикалық және саяси процестерден алшақтығы айқын байқала бастады.

Сөйтіп Республика Президенті еліміздің танымал заңгер-ғалымдарының алдына мүмкіндігінше неғұрлым қысқа мерзімде жаңа Конституцияның жобасын әзірлеу міндетін қойды. Мемлекет басшысының тікелей басшылығымен жұмыс жасаған ғалымдар батыс пен шығыстың көптеген мемлекеттерінің конституциялық тәжірибелерін жан-жақты зерттей келе, Қазақстан үшін неғұрлым қолайлысы француздық модель деген шешімге келді. Осы жерде айта кету керек, бір елдің заңшығармашылық тәжірибесін екінші бір мемлекеттің негізге алуы – мемлекеттануда кеңінен тараған құбылыс. Мысалы, қазіргі кезде алдыңғы қатарлы индустриялы мемлекеттердің бірі болып отырған Жапония мемлекеті ғасырларға созылған саяси-экономикалық оқшаулықтан кейін 19 ғасырда үлкен саяси реформаларды жүзеге асырғаны белгілі. Ел үкіметі арнайы елшіліктер жасақтап, оларды Америка мен Еуропаның мемлекеттік құрылысын, конституциялық даму тәжірибелерін зерттеуге аттандырған. Нәтижесінде жапондар үшін сол кездегі Пруссияның Конституциясы қолайлы деп танылып, соның негізінде 1889 жылы Жапонияның тұңғыш Конституциясы қабылданған. Бұл әрине, әшейін сөздің реті келгенде тоқталып кетіп жатқан қысқаша тарихи экскурс.

Сөйтіп француздық модельдің негізінде еліміздің көп ұлтты мемлекет ретіндегі өз ерекшеліктері ескеріле отырып Қазақстанның жаңа Конституциясының жобасы әзірленді.

Жоба дайын болғаннан кейін Республика Президентінің шешімімен ол бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, жалпыхалықтық талқылауға ұсынылды. Жаңа Конституцияның жобасын талқылауға барлығы 3 миллионнан астам қазақстандық қатысып, 30 мыңнан астам ұсыныстар мен

ескертулер келіп түскен. Ал жалпы жаңа Конституция мәтінінің жиырмаға жуық варианты әзірленген. Осы варианттардың кейбіреуінде мемлекет атауын Қазақ Республикасы деп атау ұсынылған болатын. Қарапайым азаматтардың барлық ұсыныстары қабылданды деуге болмаса да, осындай ұсыныстардың, сын-ескертулердің Конституцияның түпкілікті нұсқасын жасауда қаперге алынғаны сөзсіз. Ең бастысы – Қазақстан халқы осындай саяси маңызы бар құжатты талқылауға алғаш рет ерікті түрде, шынайы атсалысты.

Талқылау аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде 1995 жылғы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум өткізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шықты. Белгіленген күні дауыс беруге, ресми деректер бойынша, сайлау құқығы бар азаматтардың 90,51 %-і қатысып, оның 89,14 %-і жаңа Конституцияны қабылдауды жақтап дауыс берген. Қазақстандықтардың мұндай белсенділігі енді ешқандай саяси күштер, мемлекеттік биліктің ешқандай тармағы өз қалауынша өзгерте алмайтын жаңа сипаттағы Негізгі заңның дүниеге келуіне ықпал етті. Бұл - жаңа Конституцияның бұрынғыларынан басты ерекшелігі болды.

Құрылымы жағынан Конституция кіріспеден, 9 бөлімге топтастырылған 98 баптан тұрады. Конституцияның басты басымдық принципі 1-баптың өзінде-ақ айқын жарияланды. Оған сәйкес «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жарияланған. Мемлекеттік тілдегі нұсқасының стильдік тұрғыдан біршама сәтсіз құрылғанына қарамастан (осы мәселеге қатысты осы жолдардың авторы кезінде көлемді ғылыми мақала жариялаған болатын. Біздің ойымызша, дұрысы: *«Қазақстан Республикасы өзін басты құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады»* болар еді), бап нормалары Қазақстан Республикасында мемлекеттік құрудың басым бағыттарын, қазақстандық қоғамдағы адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін нақтылы айқындап берді.

Қазіргі Конституцияның маңызды ерекшеліктерінің бірі – ондағы нормалардың құрғақ декларациялық сипаттағы ұрандарға емес, жүзеге асырылуы нақтылы жоспарланған идеяларға құрылуы. Ал жоғарыда айтып өткеніміздей, Негізгі заңға халықтың көңілінен шығатындай небір тамаша нормаларды жазып қоюға болады және олардың да қажетті дауысқа ие болатынына күмәнданбауға болады. Аға ұрпақтың есінде болар, кеңестік конституциялар кемелденген социализм, адамды адам қанауға жол бермейтін жарқын коммунистік болашақ туралы утопиялық сипаттағы декларацияларға толы болатын.

Ал енді Қазақстанның жаңа конституциялық дамуы және білім беру саласындағы түбегейлі реформалар жағдайында заң кадрларын даярлаудың кейбір өзекті мәселелеріне тоқталар болсақ, бұл салада да проблемалық мәселелер жеткілікті деп айтуға болады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру саласында түбегейлі реформалар жүзеге асырылып баршаға мәлім. Осы орайда өткір тұрған мәселелердің бірі – құқықтық білім беруді жетілдіру мәселесі. Жалпы жастарға құқықтық білім беру орта мектептен басталса да, мәселенің өзектілігі әсіресе, жоғары мектепте, яғни заң оқу орындары мен факультеттерінде айрықша сезілуде. Бұл ретте проблеманың шешімі жекелеген іс-шараларды емес, кешенді түрдегі шараларды қажет етеді. Сонда да біздің көзқарасымызша, қазіргі кезде көкейтесті болып табылатын бірқатар мәселелерге тоқталуды жөн көрдік.

Әңгіме білім беру мәселесімен байланысты болғандықтан ең алдымен ауызға ілінері, әрине, оқулық, оқу-әдістемелік әдебиеттер мәселесі. Өйткені оқулық әдебиеттердің санымен қатар сапасын да арттырмайынша білікті заң кадрларын даярлау мүмкін еместігі белгілі.

Әрине “ауызды қу шөппен сүрте бермей” әділдігін де айту керек, мемлекеттік тілдегі құқықтық әдебиеттердің жеткіліксіздігі, олардың сапасының төмендігі (әрине, барлығының бірдей деуден аулақпыз) туралы айтылмай жүрген жоқ, түрлі алқалы жиындарда, соның ішінде “Заңтану” және “Құқықорғау қызметі” мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестіктің мәжілістерінде де айтылып жүр. Нәтижесінде бірқатар мәселер шешімін тапқанда сияқты. Мысалы, соңғы кездері мемлекеттік тілдегі заң әдебиеттерінің санының біршама артқанын байқау қиын емес. Бірақ бұл проблема күн тәртібінен алынып тасталды деген сөз емес.

Жалпы мемлекеттік тілге деген қамқорлық уақыт өткен сайын артып келе жатқаны, әрине дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома десек, қателеспеспіз. Республикалық бюджеттен мемлекеттік тілді дамыту мәселелеріне арналып бөлінетін қаржының көлемі де айтарлықтай көлемді. Бұл қаражаттың әрине, елеулі бөлігі ҚР Білім және ғылым министрлігінің еншісіне бөлінеді. Тиімді пайдаланған жағдайда бұл көмектің біраз проблеманы, соның ішінде құқықтық білім беруге қатысты бірқатар мәселені шешуге мүмкіндік берері сөзсіз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, құқықтық білімнің сапасына тікелей әсер ететін факторлардың бірі – оқу-әдістемелік әдебиеттердің сапасы, яғни мазмұны. Жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдеріне түсушілердің санының артуы және еліміздегі білім беру жүйесінің кредиттік технологияларға көше бастауы проблеманы одан әрі өткірлендіре түсті. Оқытушылардың негізінен орыс тіліндегі әдебиеттерді аударып пайдалану арқылы студенттерге лекция тезистерін, тест материалдарын, т.б. әзірлеп ұсынуы проблеманы шешуге апарар жол еместігі түсінікті болған сияқты.

Тіпті осы аударма ретінде ұсынылатын оқу әдебиеттерінің де сапасы көпшілік жағдайда сын көтермейді. Бұл ретте әрине, үнемі айтылып жүрген мемлекеттік тілдегі заң терминдерінің ала-құлалығын, яғни әлі күнге дейін бір ізге түсірілмегендігін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ мәселе тек терминде ғана емес, қарапайым жауапкершіліктің жоқтығында. Мысалы, 2004 жылы “Жеті Жарғы” баспасынан жарық көрген “Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы” /академиялық курс/ оқулығында [2, с.268]. ҚР Президентін сайлауға қатысты төмендегідей мағлұмат берілген: “Қазақстан Республикасының Конституциясы Президент сайлауының негізгі құқықтық бастауын белгілейді. Кезекті және **кезектен тыс** Президент сайлауы өткізілуі мүмкін. Республика Президентінің **кезектен тыс** сайлауы Президент лауазымынан мерзімінен бұрын немесе кетірілген жағдайда өткізіледі. Республика Президентіне **кезектен тыс** сайлау Президент өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылғаннан кейінгі екі ай мерзім ішінде өткізілуі тиіс”. Авторы көпшілікке белгісіз біреу болса, жоғарыда келтірілген жолдарды қарапайым құқықтық сауатсыздыққа балауға болар еді, бұл жерде қателік аудармашылардан кеткен болуы керек. Ал ұлттық құқықтық жүйеде конституциялық құқықтық заң ғылымы және құқық саласы ретінде жетекші рөл атқаратынын ескерсек, мәселенің үлкен саяси маңызы да бар деуге болады. Өйткені “Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” 1998 жылғы қазанның 7-сіндегі Қазақстан Республикасының заңымен ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауына қатысты конституциялық норма өзгертілген болатын. Ал біз сөз етіп отырған оқулық өңделіп, толықтырылып 2004 жылы ғана жарық көрген. Өкінішке орай аталған оқулықта басқа да қателіктер орын алған. Атап айтқанда оқулықтың “Президентті сайлау және оны лауазымынан кетіру тәртібі” деп аталатын параграфы мынадай жолдармен басталады: “Қазақстан Республикасының Президентін сайлау Конституцияға (41-бап) және Президенттің “Сайлау туралы” Жарлығына сәйкес белгіленген” [3, с.266]. Юриспруденцияда әрбір құқықтық ұғымның нақтылы мазмұнына сай қолданылуы заң шығару техникасының басты талаптарының бірі екендігін және әрбір нормативтік құқықтық актінің заңмен белгіленген мәртебесі, заңдық күші бар екенін ескерсек, жоғарыдағы “...Президенттің “Сайлау туралы” Жарлығына...” деген жолдар “...Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” Конституциялық заңына...” деп берілуі керек. Осы тәріздес мазмұндық сипаттағы қателіктер Ресейдегі Қазіргі заманғы гуманитарлық университет эгидасымен соңғы кезге шейін Қазақстанның көптеген қалаларында қызмет етіп келген, ал қазір статустарын негізінен колледждерге ауыстырған Қазақстандық-Ресейлік институттар студенттерге білім беру барысында қолданып жүрген әдебиеттерде де кездеседі [4, с.10]. Аталған әдебиеттерде сондай-ақ көптеген заңдардың ескі, қазіргі кезде күшін жойған редакциялары пайдаланылған. Мысалы, “Қазақстан Республикасындағы сот билігінің конституциялық негіздері” деп аталатын бөлімі толықтай “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы” ҚР Президентінің 1995 жылғы 20-желтоқсандағы заң күші бар жарлығына негізделіп жазылған [5, с.41-47]. Ал аталмыш акті күшін жойып, оның орнына 2000 жылғы 25 желтоқсанда “Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы” конституциялық заң қабылданғаны белгілі.

Құқықтық әдебиеттердегі келтірілген қателіктер заң мамандарын даярлауға кері әсерін тигізери сөзсіз. Оны аралық мемлекеттік аттестаттау кезінде де, ЖОО-ның бітірушілері мемлекеттік аттестаттау кезінде де тестілік бақылау барысында жіберген қателіктерінен байқап жүрміз.

Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы шығарып, 2008 жылғы Аралық мемлекеттік бақылау кезінде қолданылған тест жинағының “Мемлекет және құқық теориясы” пәні бойынша “Құқықтық реттеудің тәсілі бойынша құқық нормаларының түрлерін атаңыз” деген сұрақ беріледі де, оған дұрыс вариант ретінде “императивті”, “диспозитивті” деген жауап таңдалып алынады. Сырт қараған көзге дұрыс сияқты көрінетін осы сұрақта **тәсіл** терминінің орнына **әдіс** термині қолданылғанда ғана дұрыс болып есептелуге тиіс. Өйткені берілген контексте екі терминнің беретін ұғымы екі түрлі [6, с.80].

Аталған жинақтағы “ҚР конституциялық құқығы” пәні бойынша берілген “ҚР “Тілдер туралы” заң қай жылы шықты” деген сұраққа мүлдем дұрыс жауап көрсетілмеген [7, с.107]. Тест жинағынан осы тәріздес мазмұндық, стильдік сипаттағы басқа да олқылықтарды ұшыратуға болады.

Қазіргі таңдағы қоғамымыздағы өткір проблемалардың ішінде оқшау тұрғаны мемлекеттік тіл мәселесі екені баршаға аян. Осы орайда құқыққолданушы ретінде мемлекеттік тілдегі құқықтық терминологияға қатысты субъективтік сипаттағы бірқатар пікірімізді білдіріп кетпекпіз. Бұл орайда бірден айта кетпегіміз, мемлекеттік тілдегі терминдерді, соның ішінде құқықтық терминдерді қалыптастыруда бірқатар кемшіліктер бар екендігі, нақтырақ айтқанда термин жасау барысында олардың практикалық қолданысы мәселесінің ескеріле бермеуі. Ал кез келген теорияның практика жүзінде тексерілетіні дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома.

Ағылшын тілінің әлемдік экспансиясы жағдайында ағылшын тілін білуге ұмтылыс-өте орынды құбылыс. Бұл орайда «жауынды жеңің келсе, оның тілін біл» деген ертеден келе жатқан дана сөздің қазіргі кезде жаңаша мазмұнға ие болып отырғаны анық. Президенттің «үштұғырлы тіл» саясаты осындай стратегиялық сипаттағы тактикадан туындап жатқаны даусыз. Бұл ретте Президент жанындағы стратегиялық зерттеулер орталығының бұл идеяға өз ұсынысын қосқанына өз басым еш күмән жоқ.



Қазіргі кезде белгілі бір құқықтық терминдерді балама ретінде ұсынушылар олардың түрлі контексте қолданылу ерекшеліктерін ескере бермейді.

Бұл ретте әрине олардың ішінде басым көпшілігінің қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде толыққанды қолданылуын, басқа танымал тілдер сияқты қазақ тілінің де ұлттық ерекшеліктерге негізделген, оның бай екендігін айғақтайтын терминологиясы болуын қалайтынын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ тіл саласында, соның ішінде терминология саласында байтұрсыновтар кезіндегі үрдісті басшылыққа алу қазіргі кезде жұмсарта айтқанда мүлде орынсыз. Қазіргі кездегі Қазақстанның геосаяси жағдайында терминжасамда мүлде басқаша критерийлерді басшылыққа алу қажет. Байтұрсыновтар заманында тіл тазалығына қол жеткізу тек саяси аспектіде, яғни тәуелсіздіктің бірден бір болса, қазіргі кезде экономикалық фактор шешуге рөл атқарып отыр. Яғни ағылшын тілінің ықпалының әлемдік деңгейде күшеюі бірінші кезекте ТрансҰлттықКорпорациялардың экономикалық экспансиясымен астасып жатыр. Сондықтан да экономикалық қауіпсіздік мәселесі бірінші орынға шығып, басқа мәселелерге, соның ішінде тілдік мәселелерге кезек күттірмес мәселелер қатарынан орын табылмауы себепті, уақытша болса да бірқатар құрбандықтарға баруға тура келеді.

Жалпы заң тілін жетілдіру мәселесі мәңгілік проблемалардың бірі деуге болады. Ал қазіргі кездегідей басқа әлеуметтік идеалдарды қалыптастыру, либералдық нарықтық экономика және құқықтық мемлекет құруға бағытталған ресми стратегиялар, адам құқықтарының конституциялық орнығуы, ағымдағы түрлі реформалар және т.б. аталған проблеманы ерекше өзекті етіп отыр.

Әдетте заңдардың сапасы заң шығарушының қоғамдағы қалыптасқан жағдайды нақтылы ұғына білуіне, ақпараттың толық болуына тікелей байланысты деп есептеледі. Сыртқы орта қаншалықты жан-жақты, әрі терең танылса, алынған білім қаншалықты тиімді қолданылса және сол ортаның қажетін білдірсе, - деп атап көрсетеді, белгілі құқықтанушы Д.А.Керимов, - заңшығармашылығының теориялық деңгейі соншалықты жоғары, құқық нормаларының әрекеті соншалықты тиімді, құқықтық реттеудің мақсат, міндеттеріне жету соншалықты дәйекті болмақ [8, с.57].

Пікірдің орынды екенін мойындай отырып, сонымен қатар қазіргі өтпелі кезеңдегі қоғамдық процестердің тұрақсыз тенденциясы жағдайында жоғарыдағы талаптарды толықтай орындау оңай шаруа еместігін атап өту орынды болар.

Нәтижесінде заңшығармашылық процесте елеулі олқылықтардың орын алуы болмай қоймайтын құбылыс екеніне көз жеткіземіз.

Заңдарға өзгерістердің жиі енгізілуі қоғамдағы құқықтық нигилизмді одан әрі тереңдетіп, заңға деген сенімсіздік тудырады, тіпті тұтастай құқықтық жүйенің қалыпты қызметі мен тұрақтылығына қауіп төндіреді.

Қазақстан Республикасындағы заңдық білім тұжырымдамасында жоғары оқу орындарында арнайы жоғары заңгерлік білім берумен қатар арнайы тілдік дайындықтан өткізу нәтижесінде салалар бойынша мамандандырылған заңгер-аудармашылар даярлау көзделген. Жүзеге асырыла қалған жағдайда бұл, сөзсіз, қазіргі заман талабына жауап берер қадам болмақ.

Жоғарыда атап өткеніміздей жалпы мемлекеттік тілде заң кадрларын даярлау мәселесіне қатысты проблемалардың көпшілігі талай рет көтеріліп жүрген проблемалар болса да оларға қатысты түбегейлі шешімдер әлі толық қабылданбай келеді. Сондықтан да айтылған мәселелерді қайталай бермей, біздің көзқарасымызша қамтылмай жүрген, ал білім берудің кредиттік технологиясына көшу жағдайында ерекше көкейтестілікке ие болып отырған мәселелерге тоқталуға тырыстық.

Әрине осы шағын мақалада аталған мәселеге қатысты проблемаларды толықтай қамтыдық және оларды шешудің барлық жолдарын көрсеттік деуден аулақпыз. Аталмыш мәселеге қатысты проблемаларды байқап, көңілге түйіп жүрген өзге де ұлтжанды азаматтардың көп екендігіне және біз атамаған басқа да өзекті мәселерді сөз ететіндіктеріне еш күмәніміз жоқ. Сонымен қатар мәселенің бірлесе отырып, жүйелі түрдегі кешенді шараларды жүзеге асырғанда ғана шешімін табатынына сенімдіміз.

#### Әдебиеттер:

1. Тихомиров Ю.А. Сравнительное правоведение – конгресс ученых-правоведов //Госдарство и право. № 2. 1999. С. 104-107.
2. Сапарғалиев Ф. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы/оқулық/. Алматы, “Жеті Жарғы”. 2004.
3. Сапарғалиев Ф. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы/оқулық/. Алматы, “Жеті Жарғы”. 2004.
4. Конституционное право Республики Казахстан. Современный гуманитарный университет. Юнита 2. М.,2001.
5. Конституционное право Республики Казахстан. Современный гуманитарный университет. Юнита 2. М.,2001.
6. Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы // “Заң” 521630 бағыты және 021600 мамандығына арналған тест жинағы. Астана, 2004.

7. Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы // “Заң” 521630 бағыты және 021600 мамандығына арналған тест жинағы. Астана, 2004.
8. Керимов Д.А. Культура и техника законотворчества. М.,1991. С.57-60.

#### References:

1. Tikhomirov YA Comparative law - Congress jurists // Gosdarstvo and law. № 2. 1999. S. 104-107.
2. Sapargaliev G. Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan/ textbook /. Almaty, "Zheti Zharry." 2004.
3. Sapargaliev G. Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan/ textbook /. Almaty, "Zheti Zharry." 2004.
4. Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan. Modern University for the Humanities. Units 2, Moscow, 2001.
5. Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan. Modern University for the Humanities. Units 2, Moscow, 2001.
6. National testing center and state educational standards//Collection of tests to guide the law and spetsialnostiarfytzhone 521630 021600. Astana, 2004.
7. National testing center and state educational standards//Collection of tests to guide the law and spetsialnostiarfytzhone 521630 021600. Astana, 2004.
8. DA Kerimov Culture and Technology lawmaking. M., 1991. S.57-60.

#### Автор туралы мәліметтер

*Аубакирова Нурсауле Аманбаевна– А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының **аға** оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, Қостанай қ., Шевченко көшесі, 130, 99-пәтер, тел. +77052154714, e-mail: [nursaule.aubakirova@mail.ru](mailto:nursaule.aubakirova@mail.ru)*

*Aubakirova Nursaule Amanbaevna- Master of Laws, **Senior Lecturer**, Department of State and legal disciplines of Kostanai State University A.Baitursynov, Kostanai, Street. Shevchenko, house 130, kv.99, tel. +77052154714, e-mail: [nursaule.aubakirova@mail.ru](mailto:nursaule.aubakirova@mail.ru)*

*Аубакирова Нурсауле Аманбаевна– магистр юридических наук, **старший** преподаватель кафедры государственно-правовых дисциплин Костанайского государственного университета имени А.Байтұрсынова, г. Костанай, ул. Шевченко, дом 130, кв.99, тел. +77052154714, e-mail: [nursaule.aubakirova@mail.ru](mailto:nursaule.aubakirova@mail.ru)*